



МСНЭ-ИЙН БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАГ ДАХЬ САЛБАР
ЗӨВЛӨЛ
ДОКТОР КАМАЛАШИЙН БИХУМАРЫН
«ТҮРЭГ СУДЛАЛЫН ТӨВ»

АЛТАЙН ӨВ

(АЛТАЙ МҮРАЛАРЫ)

ЭРДЭМ ШИНЖИЛГЭЭНИЙ БИЧИГ №1

(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ №1)

2017 он

МСНЭ-ИЙН БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАГ ДАХЬ САЛБАР ЗӨВЛӨЛ
ДОКТОР КАМАЛАШИЙН БИХУМАРЫН «ТҮРЭГ СУДЛАЛЫН ТӨВ»

АЛТАЙН ӨВ

(АЛТАЙ МҰРАЛАРЫ)

ЭРДЭМ ШИНЖИЛГЭЭНИЙ БИЧИГ №1

(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ №1)

Дугаарыг эрхэлсэн: Доктор(Ph.D) Бихумарын Өмирбек

Редакцийн зөвлөл: Доктор(Ph.D) Г.Золбаяр
Доктор(Ph.D) Мукатаева.З.К
Докторант Х.Мырзабек
Докторант Б.Жаргалсайхан
Сэтгүүлч (журналист) Б.Еркинбек
Сэтгүүлч (журналист) С.Шынарбек
Магистр Н.Эрдэнэбаяр

ДАА-900
ННА-63
А-485

ISBN 978-99978-0-883

МОНГОЛ УЛС.2017

*Қамзин К.К., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
филология ғылымдарының докторы, профессоры
Алимжанова А.Б., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ,
журналистика факультетінің PhD докторанты*

ЗАМАНАЛЫ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАНРЛАР ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Уақыт пен кеңістік ғаламында әлсін-әлі өтіп жатқан үдеріс, оқиға, құбылыс санатын шартты түрде екіге бөлуге болады: табиғи және жасанды. Табиғи құбылыстар адамның араласуынсыз дүниеге келер болса, әлеуметтік, антропогендік оқиғалар тікелей адамның әрекеті, оның тікелей қатысуы, кейде оның ұйымдастыруы арқасында қоздап жатады. Ал бұлардан келіп расшыл дерек, нақты факті, қажетті цифрлар легі адам санасы, журналист шығармашылығы арқылы іріктеледі, сұрыпталады. Бітімі бөлек туындыға айналады. Масс-медиа, лайықты технология көмегімен мәтін, дыбыс, бейне пішінінде әлеуметтік аренаға шығады. Бұлардан басқа адамның ішкі әлеміндегі тербелістер, өзгерістер лебі табиғи һәм қоғамдық құрылыс арнасына құйылып жатады. Заманалы журналистиканың сусындайтын бұлақтары да, міне, осылар.

Тыстағы осы сан түрлі динамика журналистиканың шығармашылық құралы, әдісі, бейнелеу пішініне сөзсіз әсер етеді, мың құбылған символдар палитрасы өзінің нақты көрінісін жанрлар жүйесінен табады. Сонымен қабат ағысы іркіліссіз, ішкі иірімдері мол заманалы журналистика теориясының байсалдылықтан гөрі ситуациялық жігері басым. Өйткені журналистика қағидасы оның күнделікті тәжірибесінен нәр алады, тіршілікті тану үдерісіне қарап өзгереді, жетіледі.

Демек, жанр дегеніміз, салыстырымды жаймен алғанда, сипаты тиянақты, тарихи қалыптасқан, шынайы өмір шындығын бейнелеуге әбден қауқарлы мәтін түрі. Жанрдың үш іргетасы, мықты негізі бар, олар – пән, қызмет (функция) және әдіс. Әрбір

жанр тіршілік материаланың белгілі бір түрімен, типімен жұмыс істейді. Яғни, жанр өмірлік материалды жақтырады, не жақтырмайды (жатырқайды/жатырқамайды); қабыл алады, не қабыл алмайды.

Журналистиканың жанрлық құбылысын межелелеуді о баста неміс ғалымдары қолға алса, кеңестік кезеңде орыс зерттеушілері дамытты, жүйеледі. Бұл мәселеге І. Жансүгіров, С. Дөнентаев сынды қазақ ақын-көсемсөзшілері, Т.С. Амандосов, Т.Қ. Қожакеев, М.К. Барманқұлов сияқты ғалымдары да айтарлықтай үлес қосты. Жанрлық мәтіндердің қазіргі ақпараттық кеңістіктегі роліне Рой Питер Кларк (Roy Peter Clark), Чип Сканлан (Chip Scanlan), Михаэль Халлер (Michael Haller), Зигфрид Вайшенберг (Siegfried Weischenberg) сынды америка және неміс қисынгерлері де тиісінше көңіл бөлуде.

Кезінде академик М. Қаратаев: «Жанр – тарихи категория. Сондықтан ол барлық заманға бірдей қатып-семген дүние емес. Заман талабына сай өзгеріп, жаңғырып отыратын құбылыс», - деген болатын [1, 272].

Қазақ ғалымдарының кейінгі толқыны ұлттық журналистика жанрлары дәстүрін ауызша көсемсөзден, жыраулар шығармашылығынан, ежелгі тас бітіктерінен таратып жүр. Қағаз форматты жазба журналистикамыздың төлбасы әл-Фарабидің «Философтардың сұрақтарына жауап» трактаты деп біледі. Журналистика шығармашылығын уақыт пен кеңістік аясында қарастыра отырып, синергетика, синергизм тәсіліне назар аударады. Аталмыш ғылым саласы ашық жүйелердегі (журналистика дәл осы ашық жүйеге жатады) орнықты құрылымдардың өзін-өзі ұйыстыру, қалыптастырудың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Журналистика жанрларының туындауына, эволюциясына, мынадай факторлар әсер етеді:

Уақыт;

Факті, оқиға (құбылыс);

Кеңістік (көлем, формат);

Қажеттілік;

Ұлттық тіл, менталитет;

Шығармашылық мүмкіндік;

Міне, осы алты синергиялық фактор кез келген жанрдың пайда болуына себепші болады [5, 205-208]. Қазір бұл санатқа технологиялық жарақтануды да қосар едік, өйткені біз бүгінгі ақпарат әлеміне екпіндей кірген Интернет құбылысын, әлеуметтік желілер сын-сипатын ескермей тұра алмаймыз.

Орыс ғалымы О. Р. Самарцевтің пікірінше, Интернет практикасында бұқаралық ақпарат мейлінше мол орын алатын көрінеді. Ол желіні толтырудың екі бағытты бар: біріншісі – дәстүрлі БАҚ принциптерін интернеттендіру жолы, екіншісі – өзіндік «мені» айқын интернет-агенттіктер, интернет-басылымдар сықылды интернет-журналистика дейді де, Интернеттің технологиялық еркешелігі ғаламдылық, мультимедиалық және интерактивтілікке негізделгенін атап көрсетеді [2, 48-49.].

Бастабында интернет журналистері арнайы бір жанрды меңгеріп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра алған жоқ. Ең алдымен өз мүмкіндіктерін ақпараттық жанрларда сынап байқады, шағын және жайылма хабарламалар, репортаждар жариялап отырды. Алғашқыда олар дерек пен мәлімет контентіне аса мән бере қоймады. Кейінірек, «жарнаманың» экономикалық мән-мазмұны ақпараттық форматпен ұласқанда, PR-дың әлеуеті көзге анық көріне бастағанда, олар өз соқпағын, өз сөз сөйлеу мәнерін іздеуге ден қойды.

Дәстүрлі жанр түрлері, атап айтқанда, түсіндірме пішіні интернет журналистиканың ыңғайына қарай жаңғырып түрлене түсті. Сонымен қатар, веб-күнделік, веб-шолу сияқты жанр түрлері пайда болды. Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі интернет-журналистика жанрларын төмендегі сызбамен ажарлауға болады. (1-сурет)

1-сурет. Интернет журналистика жанрлары

Туындыгерлік шаруашылықта жанрды таңдау да стихиялық түрде, автордың субъективтік шешімімен жүзеге асырылмайды. Мұнда да, объективті жайттар – қозғалар тақырып, айтылар идея, тілге тиек етер фактілер сипаты, мазмұн ауқымы, аудитория ерекшелігі ескеріледі. Яғни авторлар осы тақырыпты қай жанрда сөз ету тиімді, айтылмақ идея қай жанрда жете ашылмақ, қай жанрда мазмұн жан-жақты қамтылмақ, факт сыр-сипаты қай жанрда айқын танылмақ, қай жанрда жазылса, аудиторияға әсерлі болмақ деген сұрақтар төңірегінде ойланып-толғанып барып, жанр таңдауға тиісті [3, 9].

Белгілі әдебиет теоретигі Б.В. Томашевскийдің өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарғы: «Жанрды жіктеу өте қиын. Жанрлардың аражігі тарихи тұрғыдан ғана ажыратылады. Оның дұрыстығы, дәлдігі нақтылы бір тарихи кезеңге ғана байланысты болуы ықтимал», - деген пікірі әлі де ескеруге лайық деп білеміз [4, 158-162].

2- сурет. Жанрлар жіктелуі

Жанрлар жіктелуі		
Ақпараттық	Талдамалы	Деректі-көркем
Байқам, анонс, ақпар, ақпараттар лентасы	Мақала, корреспонденция, сұхбат, репортаж т.б.	Очерк, фельетон, пародия т.б.

Журналистика теориясы мен тәжірибесіне арналған орнықты еңбектерде жанрлардың жіктелу принциптеріне барынша көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн. Ресей зерттеушілері А.А. Тертычный мен М.Н. Ким кейінгі жылдары жанрлар жүйесі туралы сөз сөйлегенде, әдетте М.М. Бахтиннің «Проблемы поэтики Достоевского» монографиясындағы: «Жанр әманда сол, әманда ол емес, оның көнелігі де, сонылығы да бір мезгілде. Жанр әдебиеттің

әр даму кезеңінде және сол жанрдың әр жеке шығармасында жаңғырып, жасарып отырады. Жанр қазіргі күнмен өмір сүреді, бірақ ешқашан өткенін ұмытпайды. Жанр – әдеби даму үдерісіндегі шығармашылық жадтың өкілі», - деген қағидасын үнемі басшылыққа алып отырды. Ал М.М. Бахтиннің өзі жанрлар туралы әйгілі анықтамасын қисындағанда, біздің ойымызша, А.С.Пушкиннің мына жолдарына сүйенген сияқты:

- И устарела старина,

И старым бредит новизна [4, 206].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қ. Қожакеев мынадай тоқтамға келеді: «Жанрлар өзінің ішкі заңдылықтарына орай да жаңа сапаға ауысып жатады. Баспасөздің дамуына байланысты жаңа жанрлар пайда болады. Олардың белгі-шарттары тарихи даму барысында айқындалып, қалыптаса, жетіле түседі. Белгілі бір дәуірдегі пафосқа, рухқа, идеялық-саяси міндеттерге орай күрес құралдарының өзгеріп отыратыны сияқты, жанрлардың өзі де, қасиет белгілері де жаңғырып, толығып, молығып жатады. Кейбір элементтер жойылып, жаңа шарт-белгілер көрініс береді» [5, 346]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Амандосов корреспонденция жанрына байланысты орныққан қағидаларды баяндай келіп, оның «белгілі бір орынға, уақытқа, адамдарға қатысты болатынына» назар аударады [6, 272].

Орыс теоретиктері, қазақ зерттеушілері өз еңбектерінде журналистика жанрларын үлкен үш топқа бөледі де, сол топқа кірген мәтін түрлерінің жанрлық қасиеттерін төмендегі төрт өлшем бойынша анықтайды. Ең алдымен, жанрлар таным мен бейнелеу пәнінің (объектінің) әр тектілігіне, екіншіден, атқарар қызметі, танымдық-тәрбиелік міндеттеріне орай, үшіншіден, өмір шындығын қамту ауқымына, төртіншіден, айшықтаушы-бейнелеуші құралдарының сипатына қарай бөлінеді. Профессорлар Т.С. Амандосов, Т.Қ. Қожакеев, белорус зерттеушісі Б.В. Стрельцов, орыс ғалымдары В.В. Ворошилов, А.А. Тертычный, М.Н. Ким журналистика жанрларына арналған еңбектерінде дәл осы бағдар-бітімнен онша ауытқымайды [5, 207].

3-сурет. Жанрлар типологиясы

Жанрлар типологиясы			
Ұсыныс немесе сұраныс, оның құрылымына байланысты брошюра немесе ақпараттық буклет	Жанрлар комбинациясы: мақсаты мен пішіні. Бюллетень қысқаша мақалалардан тұрады мерзімді түрде таралады	Комбинация, яғни жинақталған жанрларға іскери хаттар мен қызметтік жазбалар, телесценарийлер	Жанрлардың жағдайлық тәсілі – жанрлар иерархиясы, жанрлардың үйлесуі, жанрлар жүйесі немесе жанрлар репертуары

Әр жанрдың өзіне ғана жарасар сипаты болады. Осы тұста профессор Т.Қ. Қожакеевтің: «Жалпы, әр жанр «таза қалыпта» кездесе бермейді. Бір туындыда бірнеше жанр элементтері тоғысып жатады. Кейде олар өмірді барлық күрделілігімен, көп қыртыстылығымен көрсету үшін, творчестволық ой-ниетті әсерлі етіп беру үшін әдейі тоғыстырылады. Сонда қай жанрдың белгілері мол болып, бірінші қатарда тұрса, туынды сол жанрға жатқызылады. Яғни, шығармаларды белгілі бір жанрға жатқызу – шартты нәрсе», - деген ескертпесін естен шығармаған жөн [2, 8 б.].

Жанрлар өзінің ішкі заңдылықтарына орай да жаңа сапаға ауысып жатады. Әдебиеттің, баспасөздің дамуына байланысты жаңа жанрлар туады. Олардың белгі-шарттары тарихы даму барысында айқындалып, қалыптаса, жетіле түседі. Белгілі бір дәуірдегі пафосқа, рухқа, идеялық-саяси міндеттерге орай күрес құралдарының өзгеріп отыратыны сияқты, жанрлардың өзі де, қасиет-белгілері де жаңғырып, толығып, молығып отырады, кейбір элементтері жойылып, жаңа шарт-белгілер пайда болып жатады.

Жанрлық саралаудың үлкен мәні бар. Бұл белгілі бір болмыс-құбылысты, оқиға, фактіні жазып, суреттеп айтып берудің тиімді формасын табуға, таңдауға мүмкіндік береді, жазушыға, публициске оперативті болуға, аудитория талғамын, ерекшелігін

ескеруге, туынды әсер-ықпалын арттыруға жағдай жасайды. Белгілі бір шығарманың, баспасөз, телевизия, радио материалының күші, оқушыға эстетикалық, саяси әсер ету дәрежесі оның жанрлық сипатына, жанрлық сапасына да тікелей байланысты.

Жанрларды саралау, жанр молдығы өмір-болмысты, тұрмыс-тіршілікті бүкіл бітімімен, даму тенденциясымен ашып көрсетуге, қоғамдық пікір мен миллиондардың салт-санасына алуан-алуан әдіс-тәсілмен, әр қилы жолмен ықпал жасауға мүмкіндік туғызады. Жанрларды желпіндіре, құбылта қолдану нәтижесінде «барлық шындық тұтастай, жан-жақты ашылады» [2, 8-9 бб.].

Жанраралық синтез, диффузия құбылысы аз зерттелген, оның басты себебі – соны құбылысқа бір жағынан жете мән бермеу болса, екінші жағынан дерек жинаудың, сұрыптаудың қиындығы. Әлбетте, жанрлардың тұтасуы, соның нәтижесінде соны пішіндердің пайда болуына әлеуметтік, эстетикалық, сонымен қатар, технологиялық факторлар ықпал етеді.

Жанрлардың ортақ белгілері мен даму үдерісіне келер болсақ, гуманитарлық саланың барлық категориясы секілді, жанрларда да нақты межеленген шекара жоқ. Әсіресе интернет-журналистика мәтінін таза бір ғана жанрға жатқызу мүмкін емес. Себебі, материалдың жазылу мен берілу сипатында екі немесе одан да көп жанрдың белгілері азды-көпті кездесіп қалады. Немесе тақырып мазмұн жағынан байытып, әрі ауқымды, әрі терең ашу барысында бір жанрдан екінші жанрдың түріне ауысу үйреншікті жайтқа айналды. Мысалы, тереңдетіле жазылған көлемді корреспонденция мақалаға, ал, кеңейтілген хабар-ошар керісінше, корреспонденцияға айналуы әбден мүмкін.

Қоғамдық-тарихи фактордың жанр дамуына ықпалы. Жанр – икемді, сезімтал категория. Тарихи, қоғамдық-саяси дәуірдегі қисын мен танымның қас-қабағына қарай жанрлардың белгілі бір түрлері сахна төріне шығады.

Мысалы, соңғы он жылда ұлттық мерзімді баспасөзде репортаж бен очерк жанры азайып кетсе, олардың орнын сұхбат, корреспонденция және хабар-ошар басты. Осыған орай газет,

журнал беттерінде жанрлардың пішіні, құрылымы, телерадио хабарларының берілу салты да өзгеріп отырғанын байқаймыз.

Жанр мен дерек ұғымы. Байыбына барар болсақ, журналист қолына түскен деректің өзі болашақ жанр сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіби ортада «очеркке татитын дерек», «фельетонға жарамды дерек» деген түсінік қалыптасқан. Расында

Жарияланым түрі	Тәуелсіз интернет сайттар	БАҚ түрі	
		Интернет БАҚ	Баспасөз сайттары
1	2	3	4
Жаңалықтар жариялау	32,9%	29,7%	37,7%
Репортаж	2,2%	2,7%	1,4%
Сұхбат	8,1%	6,2%	11,0%
Мақала, түсініктеме	44,4%	47,3%	39,9%
Шолу	0,5%	3 %	1,3%
Үндеу, хабарландыру	2,9%	2,9%	2,9%
Очерк, суреттеме	1,0%	1,3%	0,7%
Редакцияға хат	1,0%	0,3%	2,1%
Рецензия (пікірсарап)	0,3%	0,5%	-
Сықақ әңгіме	0,7%	1,1%	0,3%
Пікірталас	0,9%	0,9%	0,9%
Ғылыми мақала	1,8%	2,9%	0,3%
Әдеби шығарма	3,0%	4,0%	1,6%
Жанрын айқындау қиын	0,2%	0,4%	0,1%

да дерек атаулының фельетондық, очерктік, көркемдеуші түрлері бар ма? Бұл сұраққа жауап әрқилы. Әрине, журналистке деректер белгілі болған жағдайда жанрдың өздігінен айқындалып жататын тұстары болады. Сондықтан біз дерек көп жағдайда кез келген

жанрда журналистік шығарманы туындататын әмбебап құрал бола алады деген пікірге қосыла алмыз [6,16-18].

Сайт беттеріндегі жарияланымдар жанрлық жағынан классикалық мақала мен жаңалықтар хабарламасынан тұрады. Екеуінің арақатынасы – 44% бен 33%. Дәл сондай сұхбат жанрының үлесі жалпы жарияланымның 8%-ы, әдеби шығармалар, хабарландырулар көрсеткіші – 3%.

Салыстырмалы талдау нәтижесі (4-сурет) көрсеткендей, интернет-басылымдар көп жағдайда мақалалар мен түсіндірмелеуге маманданған, ал баспа нұсқадағы басылымдар жинақы жаңалықтарға көбірек көңіл бөледі.

4-сурет. Жарияланым түрі

Жарияланымдарды контент-талдау барысында жазылған пікірлер саны да ескерілді, нәтижесінде тұтынушылардың таңдау ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туды.

Есепке қарағанда, электронды газет беттерінде жарияланған бір материал 690 рет қаралады. Ең жоғарғы қаралу – 11 833.

Интернет басылымдар мен баспа газеттер сайтын қарап шығушылар саны арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Егер бір жарияланым бірінші жағдайда орта есеппен 832 рет қаралса, екіншісінде бұл көрсеткіш 2 еседей төмен – 380. Байқап отырғанымыздай, интернет басылымдар сайты тұтынушылар арасында жиі қаралады, оқылады. Оның бір себебін аудиторияның жас ерекшелігі мен қалыптасқан әдеттен іздеген жөн сияқты.

Қазақ тілді қолданушылар, яғни оқырмандар арасында журналистика жанрларының мына түрлері – жаңалық, репортаж, сұхбат ерекше сұранысқа ие, ал сараптама мақалаларға сұраныс аздау. Zero.kz мәліметтеріне сүйеніп жүргізген контент-талдауымыздың көрсеткіштері төмендегідей.

5-сурет. Топ-50

Рейтинг-	Электронды БАҚ атауы	Жарияланған материалдар	Ең көп қаралатын интернет журналистика
----------	----------------------	-------------------------	--

тегі орны		қаралымының саны (1 айлық көрсеткіш)	жанрлары
	Tengrinews.kz	67 524 542	Жаңалықтар
	Zakon.kz	46 359 069	Жаңалықтар, репортаждар
	Informburo.kz	13 832 693	Жаңалықтар
	Ktk.kz	5 856 163	Жаңалықтар
	365info.kz	5 512 845	Аналитикалық мақалалар, жаңа лықтар
	Today.kz	2 337 574	Жаңалықтар, фоторепортаждар
	Kaztv.kaztrk.kz	1 998 705	Жаңалықтар, сұхбаттар, репортаж дар
	Inform.kz	1 820 952	Жаңалықтар
	Newtimes.kz	1 718 098	Жаңалықтар, фоторепортаждар
10	Uralskweek.kz	1 496 664	Жаңалықтар, сұхбаттар, фоторепортаждар
11	ltv.kz	1 141 885	Жаңалықтар, сұхбаттар, репортаж дар
12	Bnews.kz	1 092 662	Жаңалықтар
13	Khabar.kz	836 054	Жаңалықтар, сұхбаттар
14	Qamshy.kz	804 363	Жаңалықтар, көзқарастар мен пікірлер
15	Otyrar.kz	666 074	Жаңалықтар, сұхбаттар, репортаж дар
16	Alau.kz	648 298	Жаңалықтар
17	Baq.kz	552 093	Жаңалықтар, репортаждар, көзқарастар мен пікірлер
18	Dixinews.kz	544 222	Жаңалықтар, дайджестер мен веб шолулар
19	Zonakz.net	530 233	Жаңалықтар, сұхбаттар
20	Abai.kz	482 064	Сұхбаттар

21	Total.kz	472 801	Репортаждар
22	Alashainasy.kz	464 105	Репортаждар, көзқарастар
23	31.kz	429 567	Жаңалықтар
24	Qostanay.tv	400 280	Жаңалықтар, репортаждар
25	Meta.kz	372 697	Жаңалықтар, дайджестер мен веб шолулар
26	Qazaquni.kz	337 828	Жаңалықтар, фоторепортаждар
27	Egemen.kz	337 757	Мақалалар
28	Tv7.kz	266 392	Сұхбаттар
29	Zhambylnews. kz	131 742	Жаңалықтар, фоторепортаждар, сұхбаттар
30	Altaynews.kz	121 809	Жаңалықтар
31	Pavlodarnews. kz	114 361	Жаңалықтар
32	Asylarna.kz	96 434	Жаңалықтар, мақалалар
33	Qalamtv.kz	71 124	Репортаждар
34	Almaty.tv	69 061	Жаңалықтар
35	Aikyn.kz	60 047	Жаңалықтар, мақалалар, сұхбат тар, фоторепортаждар
36	Aktobegazeti.k z	59 723	Жаңалықтар
37	Astana- akshamy.kz	28 820	Сұхбаттар
38	Anatili.kazgaz eta.kz	23 461	Сұхбаттар, мақалалар
39	Serke.org	22 488	Аналитикалық мақалалар
40	Kostanaytany. kz	20 731	Жаңалықтар
41	Halyknews.kz	19 353	Сұхбаттар, дайджестер мен веб шолулар

42	Turkystan.kz	17 260	Аналитикалық мақалалар, сұхбат тар
43	Syrboyi.kz	15 856	Жаңалықтар
4	Kazakhstanza man.kz	12 783	Мақалалар
45	Oinet.kz	11 155	Жаңалықтар, мақалалар
46	Didar- gazeti.kz	7 124	Жаңалықтар, мақалалар
47	Shalkarfm.kz	3 624	Жаңалықтар
48	Zamana.kz	2 258	Жаңалықтар, сұхбаттар
49	Tilshi.kz	1 638	Репортаждар
50	Infotime.kz	1 098	Жаңалықтар

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып айтарымыз, қазақ интернет-журналистикасы салыстырмалы түрде ілгері басып, дамып келеді. Соңғы 5 жыл ішінде сайттар, интернет ресурстар саны көбейді. Ұлттық тақырыпты қамтитын abai.kz, namys.kz, jaqsy.kz, turkystan.kz, ult.kz, сынды сайттармен қатар ұлттық апталық газеттердің, соның ішінде aikyn.kz, anatili.kz, jasqazaq.kz, zhasalash.kz, zhasorken.kz-тің интернет беттерінде электронды нұсқалары пайда болды. Алайда мерзімді басылымдардың сайттарына қарағанда, жеке электронды ақпарат құралдары ресурстарынан нақты, жанды интерактивтілікті байқауға болады. Мысалы, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының сайты kaztrk.kz контентті өзге әлеуметтік желілер арқылы таратып қана қоймай, интернеттің көмегімен аудитория пікірін білуге ұмтылады. Сол секілді «Хабар» агенттігінің khabar.kz қызметкерлері Twitter әлеуметтік желісінде оқырмандарының жазған-сызғандарын эфирдің жүгіртпе жолынан көрсетіп отыруды дәстүрге айналдыруда. «Қазақ радиосының» Facebook-тегі парақшасы – «Сазды сәлем» бағдарламасына құттықтауларды қабылдау мақсатында құрылған дүние. Мультимедиялық сипаты әлі де болса айқын емес. Осы ретте жаңа медиа интерактивтілігі мен технологиялық ерекшеліктерін мейлінше пайдалануға тырысып жүрген azattyq.org пен baq.kz сайттарын алға тарта аламыз.

Адамзат өркениетінің даму сатысында бірнеше ақпараттық серпіліс болғаны белгілі. XX ғасырдың соңына қарай басталған серпіліс – компьютерлік технологияның желілік технологиямен ұласуы нәтижесінде қалыптасып, ақпараттық-коммуникациялық технологиясы атанған жаңа ақпараттық креатив.

Әлемде ақпарат тарату шапшандығы арқылы дараланатын онлайн журналистика шаңырақ көтерді. Жыл сайын ақпаратты интернет арқылы алушылар саны көбейіп келеді. Ғаламтор мүмкіндігі тұтынушыға бір сайттан мәтін оқып, видео көріп, аудиосын тыңдап, сурет арқылы ақпарат алуға да мүмкіндік беріп отыр. Осылайша сана инновациясы, технологияның дамуы ақпаратты әзірлеу, қабылдау, тұтыну және таратуға елеулі төңкеріс жасады. Сондықтан интернет-журналистиканың жанрлық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу – заман талабы. Ол бүгінгі күнмен де, бүгінгі мақаламен де тұйықталмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаратаев М. Алғысөз //Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 272б.
2. Самарцев О.Р. Творческая деятельность журналиста. – М.: Академический проект, 2014.
3. Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика баспасы, 2009. – 205-208б.
4. Томашевский Б. Теория литературы. Госиздат, М., 1928, 158-162с.
5. Қожакеев Т.Қ. Таңдамалы шығармалар. VII т. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 346б.
6. Шындалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық. – Астана: ЕҰУ АББ, 2012. – 16-18б.